**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын №267 орта мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысы**

| № | Өзін-өзі бағалау бөлімдері | Өзін-өзі бағалаудың мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | **Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы** | **Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**<br>«267 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі<br>120012, Қызылорда қаласы, Шанхай мөлтек ауданы, Жүсіп Баласағұн 5.<br>Мектеп заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қызылорда облысының Әділет департаментінен 2021 жылдың 21 қаңтарында (атауының өзгеруіне, қатысушылар құрамының өзгеруіне, жарғының немесе ереженің жаңа редакциясы) мемлекеттік қайта тіркеуден өткен, БСН 120840000449<br>Қайта тіркеу туралы анықтама берілген күні 21.01.2021ж<br>**Заңды тұлғаның байланыс деректері**(телефон, электронды пошта, web-сайт<br>Телефон: 8(7242)25-63-31<br>e-mail:mectep267@mail.ru<br>https://mectep267.edu.kz<br>**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)<br>Мектеп басшысы-Рахымшаева Сабила Байконыровна<br>2015жылғы23қарашадағы «ҚР-ның Еңбек кодексінің»45бабы, Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 11 карашадағы №559 бұйрығына және Қызылорда қалалық білім бөлімінің 2019 жылғы 2023 жылғы 04 қаңтардағы 02 ж/қ бұйрығымен тағайындалған.<br>ұялы телефоны: 87776106790<br>**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:**<br>1. Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№267 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» 2023 жылғы 05 қаңтардағы №01-17-11санды бұйрығымен бекітілген, ҚР Әділет министрлігі, Қызылорда облысы Әділет департаментіне2021 жылғы 21 қаңтарда тіркелген.<br>2. Мектептің техникалық паспорты – 03.06.2013жылы қайта жасалынды.<br>Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№267 орта мектебі» КММ1985 жылы құрылған.Қазіргі мекен-жайы: Шанхай мөлтек ауданы, Жүсіп Баласағұн көшесі №5.<br>Ғимарат типтік негізде салынған, 2 қабатты, сыйымдылығы 380 орындық. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Рұқсат етуші құжаттар**<br>Білім беруге құқықтық лицензия:<br>Лицензия №KZ19LAA00020714. Берілген күні 28.01.2021жыл.<br>«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі берген. |
| **2** | **Кадрлық құрамға талдау** | **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**<br>-бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беретін ұйымдардың білім беретін қызметіне қойылатын **біліктілік талаптарын** және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.<br>-тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы **мәліметтер;**<br>Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес білім беру қызметіне тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтар ғана тартылды.Бейіні сәйкес келмейтін және базалық білімі жоқ педагог жұмысқа тартылмаған. Барлық мұғалімнің соттылығы жоқ деген анықтамалары алынып, жеке іс-қағаздарына жинақталған, медициналық тексерістен өткендігі туралы санитарлық кітапшалары жинақталған.<br>Біліктілік деңгейлері:<br>**2024-2025 оқу жылындағы қызметкерлер саны-52 (қыркүйек айы, тарификация бойынша)**<br>Оның ішінде: дефектолог-1, тәлімгер-1, педагог-психолог-1, қоса атқарушы-8<br>Жоғары білімді-51<br>Арнаулы орта білімді-1<br>Магистр-4<br>Педагогтардың 98%-ы жоғары білімді.<br>Мектепте базалық білімі жоқ мұғалімдер жоқ.<br>**Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтар және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:**<br>**2024-2025** оқу жылында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Заирова Мария 9сағат жүктememен, математика пәні бойынша Скакова Жаңыл 6сағат, химия пәнінен Тулекова Айшолпан 6сағат, тарих пәнінен Дүйсенбекқызы Ұлман 7сағат, информатика пәнінен Әбіләкім Табиғат 5сағат жүктememен қоса атқарған.<br>**Білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:**<br>2024-2025 оқу жылында– 3 орынбасар өткен<br>Мектеп директорының 3 орынбасарында «Үшінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаты бар.<br>Білім беру ұйымының басшысы 2022жылғы 16 тамыздағы №90н/қ бұйрығымен мектеп директоры С.Рахымшаеваға **«басшы-ұйымдастырушы»** біліктілік санаты берілген.<br>**«Үшінші санатты басшының орынбасары»** біліктілік санаты 2024 жылғы 29 тамыздағы №140 |

| | | |
|---|---|---|
| | | бұйрығымен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменоваға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Картаеваға, бейінді оқыту жөніндегі орынбасары М.Жидебаеваға берілген. |

**Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:**

**2024-2025 оқу жылында тарификация бойынша (қыркүйек айы)**

Барлық педагог кадрлар-52 (оның ішінде қосымша атқарушы-8), декреттік демалыста-6, ақысыз демалыста-2.

**2024-2025 оқу жылында тарификация бойынша (қаңтар айы)**

Барлық педагог кадрлар-48 (оның ішінде қосымша атқарушы-6), декреттік демалыста-7, ақысыз демалыста-1.

Педагог-зерттеуші-14, оның ішінде бастауыш педагог саны-4

Педагог-сарапшы-9, оның ішінде бастауыш педагог саны-1

Педагог-модератор-10, оның ішінде бастауыш педагог саны-3

Санатсыз педагог саны-9

**78,5%-ы аттестаттаудан өткен.**

| **Санаты** | **Бастауыш сынып мұғалімі** | **Негізгі және орта** | **Барлық педагог саны** |
|---|---|---|---|
| Барлық педагог | 8 | 34 | 42 |
| педагог-зерттеуші | 4 | 10 | 14 |
| педагог-сарапшы | 1 | 8 | 9 |
| Пайызы | 62,5% | 53% | 55% |

Мектепте педагог кадрларды аттестаттау педагог кадрлардың өтініші негізінде және ҚР БҒМ-нің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларына, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білм беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» №83 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

**-Конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтар туралы мәліметтер;**

Педагогтердің кәсіби даму ортасын қалыптастыру, ұстаздар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, әдістемелік қолдау көрсету, педагогтің шығармашылығын дамыту және инновациялық тәжірибелерді ортақ пайдалану арқылы білім беру сапасына үлес қосу, үздік тәжірибе алмасу алаңын құру, білім сапасын арттыруда бірлескен шығармашылықпен жұмыс істеуді ұйымдастыру мақсатында «Ұлағат» кәсіби қоғамдастығы жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар мектебімізде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту, ойлау қабілеті мен зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру арқылы

болашақ жас ғалымдарды тәрбиелеу мақсатында «Жас дарын» оқушылардың ғылыми қоғамы жұмыс жасауда.

Бұл қоғам-оқушыларға ғылымға алғашқы қадам жасауға мүмкіндік беретін, ізденіс пен жаңалыққа жетелейтін, тәжірибемен ұштастырылған білім алаңы болып табылады.

**2024-2025 оқу жылы:**

Жалпы білім беретін мектеп басшылары арасында «Бір мектеп–бір жоба» тақырыбында өткен облыстық байқаудың қалалық кезеңі «Қызықты сабақ» номинациясы Рахымшаева Сабила Байконыровна «Диплом» ҚББ.

«Үздік педагог-2024» республикалық байқауының қалалық кезеңі Стамшаева Сағыныш Кадрияевна қала әкімінің 150 мың теңге сыйақы иегері «Сертификат».

Республикалық байқауының аймақтық кезеңі «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауының аймақтық кезеңі «Қаржылық сауаттылық» аталымында II орын Диплом.

«Зияткер ұстаз» білім бәйгесі ҚББ Алғыс

«Зияткер ұстаз-білім беру көшбасшысы» тақырыбындағы интелектуалды сайыста III орын

| | **Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми зерттеу жобалар конкурсы (9-11 сыныптар бойынша)** | | **Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада (5-6, 7-8, 9-11)** | | | **Республикалық «Зерде» ғылыми жоба байқауы (2-7 сыныптар бойынша)** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы | Облыстық | Республика | Қалалық | Облыстық | Республика | Қалалық | Облыстық |
| 2024-2025 | 2 | | 10 | | | 4 | 1 |

| | **Оқушылар қатысқан әр түрлі байқаулар нәтижесі** | | | | **Мұғалімдердің кәсіби байқау нәтижелері** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Оқу жылы** | **Қалалық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** | **Қалалық** | **Облыстық** | **Республикалық** |
| 2024-2025 | 39 | 6 | 5 (Ясауитану байқауы-1 КЭБО-4) | | 6 | 1 | |

**Мектеп мұғалімдері шығарған әдістемелік құрал, авторлық бағдарламалар**

| **№** | **Оқу жылы** | **Әдістемелік құралы, бағдарлама жазған мұғалімдер саны** |
|---|---|---|
| 1 | 2024-2025 | **4** |

**-кемінде 3 жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер;**

Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру курстары бойынша мектеп директоры С.Рахымшаева 2025 жылдың ақпан айындаҚазақ ұлттық унверситеті біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтында «Білім берудегі менеджмент» курсы , директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменова 2024 жылы «Білім берудегі менеджмент», директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары М.Жидебаева 2023 жылы «Білім

берудегі менеджмент», директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2024 жылы «Тәрбие жұмысының менеджменті» тақырыптарындағы орынбасарларға арналған республикалық біліктілік арттыру курстарынан өтіп сертификатталған.

| Оқу жылы | Басшы кадрлар саны | Курстан өткені |
|---|---|---|
| 2024-2025 оқу жылы | 2 | 4 |

**Педагогтердің біліктілігін арттыруы**

Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» туралы 2019 жылдың желтоқсанындағы Заңның 7-бабы 1-тармағы 12-тармақшасына сәйкес, педагогтер үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру қажет екендігін ескере отырып, 2024-2025 оқу жылында жұмыс жасап жатқан 42 педагог қызметкерлердің 39–ы (93%) біліктілік арттыру курсынан өткен.

***Ескерту:*** 3 (7%) жас маман бала күтімі демалыста болуына байланысты біліктілік арттыру курсынан өтпеген.

Соның ішінде: 2024-2025 оқу жылында

**Бейіні бойынша: Барлығы-10**

-бастауыш сыныптар- 2 мұғалім
-қазақ тілі мен әдебиеті пәні- 1 мұғалім
-денешынықтыру пәні- 1 мұғалім
-биология пәні-1 мұғалім
-көркем еңбек пәні-1 мұғалім
-музыка пәні-1 мұғалім
-орыс тілі мен әдебиеті пәні-1 мұғалім
-ағылшын тілі пәні-1 мұғалім
-физика пәні-1 мұғалім

**Лауазым бойынша: Барлығы-2**

-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-1(Білім берудегі менеджмент)
-мектеп директоры -1 (Білім берудегі менеджмент)

**Басқа да курстар:**

-Оқушылар мен студенттердің қаржылық сауатылығын арттыру-1
-Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу-2
Білім берудегі креативті технологиялар-1

2024-2025 оқу жылында «Білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсынан 9 мұғалім өткен.

| Оқу жылы | Барлық педагогтар | Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендер | Инклюзивті білім беру курстарынан өткендер |
|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2024-2025 оқу жылы | 42 | 10 |

Біліктілік санатының деңгейін кемінде 3 жылда бір реттен сиретпей арттырған басшы кадрлардың үлесі-100%, педагогтердің үлесі-97%

**3** **Білім алушылар контингенті**

**Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:**
**-деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**

2024-2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚЕ) білім алушылар контингенті

| № | Сынып | ЕББҚЕ оқушы саны |
|---|---|---|
| **1** | 2 «а» | 1 |
| **2** | 3 «а» | 2 |
| **3** | 4 «а» | 1 |
| **4** | 4 «ә» | 1 |
| | **1-4 сыныптарда** | **5** |
| **1** | 5 «а» | 1 |
| **2** | 5 «ә» | 2 |
| **3** | 6 «ә» | 1 |
| **4** | 7 «а» | 2 |
| | **5-9 сыныптарда** | **6** |
| **Жалпы** | | **11** |

1-11-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер(қыркүйек айы бойынша)

2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптарда 5 сынып комплектіде 117 оқушы, 5-9 сыныптарда 9 сынып комплектіде 178 оқушы, 10-11 сыныптарда 2 сынып комлектіде 39 оқушы, барлығы - 334 оқушы қамтылған.

| **Сыныбы** | **Сынып жиынтығы** | **Оқушы саны** | **Орташа толымдылығы** |
|---|---|---|---|
| 1-сынып | 1 | 28 | 28 |
| 2-сынып | 1 | 22 | 22 |
| 3-сынып | 1 | 25 | 25 |
| 4-сынып | 2 | 39 | 19 |
| **1-4 сынып** | **5** | **114** | **23** |
| 5-сынып | 2 | 35 | 17 |
| 6-сынып | 2 | 34 | 17 |
| 7-сынып | 2 | 37 | 18 |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8-сынып | 1 | 25 | 25 |
| 9-сынып | 2 | 41 | 20 |
| **5-9 сынып** | **9** | **172** | **19** |
| 10-сынып | 1 | 20 | 20 |
| 11-сынып | 1 | 19 | 19 |
| **10-11 сынып** | **2** | **39** | **19** |
| **1-11 сынып** | **16** | **325** | **20** |

Білім алушылар контингенті бойынша бұйрықтардың және білім алушылардың сыныптар бөлігіндегі сандық құрамын растайтын білім алушыларды жазатын **алфавиттік кітаптың** болуы.
2024-2025 оқу жылдарында оқушылар контингенті бойынша келген-кеткен анықтамалары негізінде бұйрықтары шығарылған, тоқсан бойынша ретімен жинақталған, келген-кеткен оқушыларды тіркеу дәптері жүргізілген, Алфавиттік кітапқа енгізілген. Кітап тігілген, мектеп мөрімен бекітілген. Мектептің барлық оқушылары кітапқа тіркелген.
**2024-2025 оқу жылы бойынша оқушылар қозғалысы:**

| **Оқу тоқсан** | **Оқушы саны** | **Кеткен оқушылар** | **Келген оқушылар** | **Тоқсан соңындағы оқушылар** |
|---|---|---|---|---|
| I тоқсан | 336 | 30 | 28 | 334 |
| II тоқсан | 334 | 9 | 1 | 326 |
| III тоқсан | 326 | 6 | 6 | 326 |
| IY тоқсан | 326 | 2 | 1 | 325 |

</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Оқу-әдістемелік жұмыс</td><td>

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**
**-білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыстық оқу жоспары мен сабақ кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпыорта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген)**
**талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;**
**ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:**
2024-2025 оқу жылында жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтікқұқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортабілімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту

</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығын (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы) Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №365,«Білім беруобъектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығын (2018 жылғы 28 қыркүйекте № ҚР ДСМ-20 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан РеспубликасыҮкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыстық оқу жоспары әзірленді.<br>Жұмыстық оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақ кестелері жасалып бекітілді. Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысымда жүргізілді. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары үлгілік оқу бағдарламаларына сай әзірленді. Оқу пәндерінің базалық мазмұны, сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталды. Инвариантты және вариативті компоненттер бойынша сабақтар беріліп, жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жүктемелері бөлінген.<br>**Тарификация бойынша:**<br>2024-2025 оқу жылындабілім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы»,«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» заңдарды, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348бұйрығына өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы 2023 жылғы 4 қазандағы №303 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы және 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы) Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын (төмендетілген оқу жүктемесімен), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналғанжалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 |

бұйрығын (2023 жылғы 05 шілдедегі №199 бұйрығын), «Білімді ұлт», «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысын, ҚР Оқу-ағарту министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығын және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып жылдық жұмыстық оқу жоспары әзірленді.

2024-2025 оқу жылында 16 сынып комплекті. 2024 жылдың қыркүйек айында бастауыш білім беруге 125,5 сағат, негізгі орта білім беруге 294,5 сағат, жалпы орта білім беруге 68 сағат, барлығы 488 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілді. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы 2сынып та  жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылды.

Жалпы тарификация бойынша:

2024-2025 оқу жылында қыркүйек айында-488 сағат, оның ішінде үйде оқытуға -10сағат

2024-2025 оқу жылында қаңтар айында-500,5 сағат, оның ішінде үйде оқытуға-22,5 сағат бөлінген.

**2024-2025 оқу жылында бастауыш, негізі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары:**

| **1-4 сыныптар** | **5-9 сыныптар** | **10-11 сыныптар** |
|---|---|---|
| 08.11.2012ж.№500 бұйрық, 11-қосымша, 18.08.2023ж. №264бұйрығына 6-қосымша | 08.11.2012ж.№500 бұйрық, 16-қосымша, 30.09.2022ж. №412бұйрығына 13-қосымша | 08.11.2012ж. №500 бұйрық, 22-қосымша, 01.08.2023ж. №264бұйрығына 12-қосымша |

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпыорта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпығаміндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармаққа сәйкес.

**-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы  3сәуірдегі №115бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеутізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі --ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:**

2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және

| | | |
|---|---|---|
| | | кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №303 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясының «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сай жасалды.<br>2024-2025 оқу жылында барлығы 16 сынып комплектісі. ҚР БҒМ 08.11.2012 ж. №500 бұйрығы, 11-қосымша, 18.08.2023ж. №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілі оқу жоспарының (төмендетілген оқу жүктемесімен) 6-қосымша басшылыққа алынды. Бастауыш сыныптарда вариативті компонентті белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында 1-сыныпқа «Математика» 1 сағат, 2-сыныпқа, 3,4-сыныптарға «Математика» курстары 1 сағаттан берілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдеріне 2сағаты инвариантты компоненттен, вариативтік компоненттен 1 сағаты спорттық ойындарға берілді.2024-2025 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес:«Көркем еңбек» сабағы екі пәнге бөлінген: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», олар тек 1,2,3-сыныпқа арналған дербес оқу пәндері ретінде айқындалған. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы іске асырылады. «Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.<br>ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы, 16-қосымша (төмендетілген оқу жүктемесімен) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Вариативтік компонент есебінен 5,6-сыныптар 1-ші жарты жылдықта, 7,8- сыныптар ІІ-ші жарты жылдықта «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсын Сертификатталған пән мұғалімі жүргізеді. 7-9 сыныптарда вариативтік компонент есебінен таңдау пәндері оқытудың мақсаты – білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету. «Қазақстан Республикадағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығында инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациялары берілген. 7«а» сыныбында вариативті компонентте инварианттық компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы сақталып, «Қазақстан тарихы», «Шетел тілі» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәні таңдалды; 7«ә» сыныбында вариативті компонентте инварианттық компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы сақталып, «Қазақстан тарихы», «География» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәні таңдалды; 8«а»сыныбында «Қазақстан тарихы», «География» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәні таңдалды; 9«а» сыныбында « Қазақстан тарихы», «География» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәні, 9 «ә» сыныбында «Қазақ тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» және инвариантты компоненттен «Қазақ әдебиеті» пәні таңдалды. 9-сыныптарға вариативтік компоненттен 1сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдеріне 2 сағаты |

| | | |
|---|---|---|
| | | инвариантты компоненттен, вариативтік компоненттен 1 сағаты спорттық ойындарға берілді.<br>Жаратылыстану-математика бағыты бойынша ҚР БҒМ 08.11.2012ж. №500 бұйрығы, 22-қосымша,18.08.2023ж. №264бұйрығына 12-қосымша (төмендетілген оқу жүктемесімен) жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. 10-11 сыныптарда вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы берілді. Инварианттық компоненттен 10«а» сыныбына «География», «Химия», «Құқық», 11 «а» сыныбына «География», «Химия», «Қазақстан тарихы» таңдауы бойынша берілді. Стандартты деңгейден 10-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Дүниежүзі тарихы», 11-сыныпта «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» 1 сағаттық жүргізілді. Элективті курс 10«а» сыныбында «Информатика» пәніне «Бағдарламалау» тақырыбында 1 сағаттан, 11«а» сыныбында «Оқу сауаттылығы» пәндеріне 1 сағаттан жүргізілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдеріне 2 сағаты инвариантты компоненттен, вариативтік компоненттен 1 сағаты спорттық ойындарға беріледі.<br>Мектептің оқу жоспарында стандарт бойынша бөлінген сағаттар толық қамтылды.<br>2024-2025 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 16 сынып жинағы бекітілген. Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндертті стандартына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес жасалып бекітілген.<br>Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Оқу жоспарындағы оқу пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген. Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің, оқу курстарының базалық мазмұны талапқа сай игерілген.<br>**Білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері:**<br>2-сыныпта 22 оқушының 8 үздік, 6 оқу екпіндісі,<br>3-сыныпта 25 оқушының 8 үздік, 6оқу екпіндісі,<br>4-сыныпта 39 оқушының 18 үздік, 11 оқу екпіндісі,<br>1-4 сыныптар бойынша білім сапасы -66,2% үлгерім-100%<br>5-сыныптар 35 оқушының 7 үздік, 10 оқу екпіндісі,<br>6-сыныпта 34 оқушының 8 үздік, 16 оқу екпіндісі,<br>7-сыныпта 37 оқушының 10 үздік, 13 оқу екпіндісі,<br>8-сыныпта 25 оқушының 8 үздік, 7оқу екпіндісі,<br>9-сыныпта 41 оқушының 10 үздік,18 оқу екпіндісі,<br>5-9 сыныптар бойынша білім сапасы-61,6%, үлгерім-100%<br>10-сыныпта 20 оқушының 4 үздік, 9 оқу екпіндісі,<br>11-сыныпта 19 оқушының 2 үздік, 8 оқу екпіндісі, |

| | | |
|---|---|---|
| | | 10-11 сыныптар бойынша білім сапасы-59 %, үлгерім-100%<br>2024-2025 оқу жылында 325 оқушының 83 үздік, 105 оқу екпіндісі, білім сапасының көрсеткіші-63%.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ:**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-24-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 11, 22-37- тармақ, 4-қосымша 2-тарау 22-25-тармаққа сәйкес.<br>**-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;**<br>**-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**<br>ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР<br>1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;<br>«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293- VI Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы»<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024 жылғы №194 және Қызылорда облыстық білім басқармасының білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы 2024 жылғы 15 тамыздағы 73- нқ11 бұйрығы<br>КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ<br>Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады. **Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:**<br>Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;<br>Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;<br>Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;<br>Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;<br>Қаңтар – заң және тәртіп айы;<br>Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;<br>Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;<br>Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.<br>Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:<br>**<u>күнделікті:</u>**<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>**«Үнемді тұтыну»** – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>**«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.<br>**<u>апта сайын:</u>**<br>**«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.<br>**Аптаның дәйексөздері** – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады.<br>**1.Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы бойынша**<br>1 қыркүйек — Білім күні.<br>Білім күніне арналған "Мектебім - мейірім мекені "тақырыбында мектептің барлық қауымдастығының қатысуымен 1,11 сынып оқушылары үшін салтанатты шара өткізілді. **" МЕНІҢ ОТАНЫМ– ҚАЗАҚСТАН"** 2 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 1-11 сыныптарында "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында біріңғай тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сабақтары ҚР Мемлекеттік Әнұранымен, апта дәйексөздерімен басталды. Оқушыларға патриоттық сезімді ояту мақсатында Қазақстан Республикасының рәміздері туралы, сонымен қатар, аумағы, облыстары туралы видеоролик, презентация көрсетіліп, сынып жетекшілер тарапынан түсінік жұмыстары жүргізілді. Жоспарға сай "Қауіпсіздік сабақтары" өткізілді.<br>https://www.facebook.com/share/p/Enb6Gmh3gxNEVwkG/?mibextid=xfxF2i |

| | | |
|---|---|---|
| | | **«Тілім менің ғасырларға аманат»**<br>**(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)**<br>Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн - "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл" деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Ұлт ұстазының туған күні Тіл мерекесімен қоса тойланатыны қалың қазақ үшін өте қуанышты жағдай болмақ. Мерекелік кешімізде ұлы тұлғалардың тіл туралы ой толғамдары айтылып, балалар үш тілінде өлең оқып, мақал - мәтел айтып, ән салып өнерлерін ортаға салды. Апталықтың ашылу іс - шарасына білім алушылар белсене қатысты. https://www.facebook.com/share/p/EgL76Bq45Lr9Ey1c/?mibextid=xfxF2i<br>6 қыркүйек күні Тіл мерекесіне орай «Қазақ тілім – Мәңгі жасар байлығым!»» атты мерекелік іс-шара өткізілді.Шара барысында оқушылар А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, тарихи тұлғалардың бейнелерін сомдау арқылы көріністер көрсетіп, үш тілде жыр шумақтарын оқыды. https://www.facebook.com/share/p/EgL76Bq45Lr9Ey1c/?mibextid=xfxF2i<br>Мектебімізде балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға, жол белгілерін ажырату дағдыларын қалыптастыру мақсатында "Абайлаңыз, балалар!"жедел профилактикалық іс-шарасы негізінде оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету, көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу мақсатында "Жол тәртібін, білейік!" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен бірге, мектеп инспекторлары мен мұғалімдер тарапынан балаларға жол қозғалысы ережелерін, көшеде өздерін дұрыс ұстау, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.<br>https://www.facebook.com/share/p/Gg6jYTgfStqhfryd/?mibextid=xfxF2i<br>**Тарихшы-этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл**<br>17 қыркүйек күні 8 «А» сынып оқушыларымен тарихшы-этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ашық тәрбие сағаты өткізілді.<br>Мақсаты: білім алушыларды ірі этнограф Халел Арғынбайұлы Арғынбаевтың өмірімен және қызметімен, ғылыми еңбектерімен таныстыру.<br>Тәрбиелік: Халқының тарихын қадірлеуге, ұмытпауға, елін, туған жерін сүюге, ұлы тұлғаларды қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»**<br>Қыркүйек айының айтулы мерекелерінің бірі- Отбасы күні 2-8 аралығында жоспарланған «Отбасы-бақыт мекені» атты апталық өз жұмысын бастау алды.<br>Отбасы – адам өмірінде кездесетін бағалы құндылықтың бірі. Жер жаһанда жанұясынан жылулық, ата-анасынан махаббат, шаңырағынан шаттық іздемейтін адам жоқ-ау, сірә? Өйткені, күрмеуге келмейтін қысқа ғұмырда көңілді көтеріп, жанды жадырататын бірден-бір орын отбасы. 11 қыркүйек отбасы күніне орай Мектебімізде оқушыларға сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату, отбасы мүшелері арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті нығайтуына ықпал ету мақсатында 5-7 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | https://www.facebook.com/share/p/DKw8nKXxkC7Nr6b4/?mibextid=xfxF2i<br>https://www.facebook.com/share/v/nY5XefPqeNQAX5xG/?mibextid=xfxF2i<br>**ҰЛТТЫҚ ОЙЫН - ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ**<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру барысында мектебімізде үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында асық атудан оқушылар арасында спорттық ойындар сайысы өткізілді.Мақсаты - ұлттық спортты дамыту арқылы мектеп оқушылары арасында достық қарым қатынасты нығайту, танымал және халық спорты ойындарын одан әрі дамыту.Кез келген ойынның баланың жетілуіне, ой-санасының дамуына қосар үлесі бар. Бес асық ойыны баланың бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйретеді. Сонымен қатар көздің көруін жақсартып, көз жанарын жетілдіреді. Ойын адамды тыныштандырып, сабырлылыққа үйрететін қасиетке ие.<br>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0zKK4uF3y5HvnEwfmgDmAe3yrNsNBTobBCpX4GPXuuu9EcWFc1xn3UVQNywuCnhbgl<br>**"ҚАМҚОР" ЖОБАСЫ**<br>«Қамқор» жобасының іс-шара жоспарына сәйкес «Жасыл клуб» мүшелерінің ұйымдастыруымен «Үйде және мектепте су ресурстарын үнемдеу тәжірибесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға су ресурстарының маңыздылығын, оны үнемді пайдалану қажеттілігін түсіндіру. Білім алушылар "Үйде және мектепте су ресурстарын үнемдеу" тақырыбы аясында ПОПС формуласы бойынша жұмыстанды:Шарада су тапшылығы, су экологиясының проблемалары, табиғи ресурстарды қорғау, суды үнемдеу жолдары мен тәсілдері қарастырылды.<br>Нәтижесінде балалар суды үнемдеудің маңызын түсініп, үнемдеу шараларын ұсынды.<br>https://www.facebook.com/share/19cP27r2Gy/?mibextid=oFDknk<br>**Ана – өмірдің шуағы**<br>ҚЫРКҮЙЕКТІҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ - АНАЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІ<br>Жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде елімізде "Аналар күні" атап өтіледі.<br>Осыған орай мектебімізде оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу мақсатында “Ана - өмір шуағы” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.<br>Ана – өмірге әкелгеннен қорғаушың, жебеушің, тілекшің, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын, жалпы бұл дүниені түсіндіретін алғашқы ұстазың.<br>АНА - адамзат баласына жарық дүние сыйлаған қасиетті жан. Ананың қасында біз бар қиындығымызды ұмытамыз, қайғыдан із де қалмайды, үміттер жанданады, өмірге деген құштарлық артады, қанаттанамыз, сеніміміз молаяды. Міне, АНАНЫҢ құдіреттілігі осында!!! Аналар күні мерекесі құтты болсын! АНАЛАРЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН!<br>13.09.2024 жылы мектеп акт залында №267 орта мектеп оқушыларының жарық жұлдыздары, олимпиада, ғылыми жоба жеңімпаздыры ата-аналарымен, ата-әжелерімен кездесу өткізілді. Отбасы - адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға |

болмайды. Осындай отбасындағы тәрбие мен сыйластықтың маңызын арттыру.Кездесу барысында ата - аналар отбасындағы тәрбиенің ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт - дәстүрлерді, әдет - ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіру қажет екені жайлы өз ойларын ортаға сала отырып,оқушылар өзіне ғана тән адами қасиеттерін көрермендермен бөлісті. Ата-ананың балаға берген тәрбиесі - өмірдің ең маңызды мектебі екенін тағы да дәлелдеді.Оқу жылының соңына дейін бірлесіп атқарылатын жұмыстар таныстырылды.
https://www.facebook.com/share/p/YWb1E7EVZY9Apedf/?mibextid=xfxF2i

**"БУЛЛИНГТЕН ҚОРҒАН!" тренинг**

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспарына сәйкес "Буллингтен қорған!" тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында тренинг өтті.

Мақсаты: оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлерін ажырату, сондай-ақ буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру жолдарын үйрету.

Барысы:

1. Тәрбие сағатының тақырыбы мен мақсаты жайлы түсіндіріп өтті.
2. "Мектептегі буллинг" көрініс көрсетілді, арнайы дайындалған бейнероликтен алған әсерімен бөлісу
3. "Буллингтің түрлері, алдын алу" сынып жетекші ақпарат берді.
4. "Буллингке жол жоқ!" сынып жетекші оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жақсы мен жаман әдеттерді ажырата білуге, үлкендерді тыңдап, кішілерге қамқорлық жасауға шақырды. https://www.facebook.com/share/p/15dxFvr9pG/?mibextid=WC7FNe

**Лудаманияның алдын алу**

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында қоғам дертіне айналған ойынға деген құмарлықты ғалымдар лудомания дейді. Сондықтан да қазірден бастап балаларға құмар ойындардың зияны туралы айтып, лудомания дертіне шалдықпауын қадағалауымыз керек.Осыған орай 8-11 сыныптар аралығында " Құмар ойындардың зияны " тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың қыркүйек айы бойынша мектеп ұстаздары мен ҚІБ қызметкерлерімен бірлесе кешкі және түнгі уақытта «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік шаралар ұйымдастырылып отырған. . Өзімізге бөлінген аймақта рейдтік шараны мектеп әкімшілігі, мектебіміздің инспекторы, және көршілес мектепердің инспекторлары мен мұғалімдері жүргізді. Рейдтер мектебіміздің маңындағы компьютерлік клубтарға, кафелерге, ойын-сауық клубтарға, көпқабатты үйлердің ауласына және жертөрелерге ұйымдастырылған.
https://www.facebook.com/share/p/aiKtn4o1wMvBBGD6/?mibextid=xfxF2i

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында "Қамқор" жобасы аясында "1 қазан-Қарттар күні" және "Мұғалімдер күні" мерекесіне орай "Қоғамға қызмет ету" тақырыбымен волонтерлік шара өтті.
№267 орта мектебінің өзін -өзі басқару ұйымы "Мәдениет және Өнер" фракциясының ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес қазан айындағы "Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт!" тақырыбында алғашқы ұстаздарына және

| | | |
|---|---|---|
| | | білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздарына жүрек жарды жылы тілектерін жеткізді.<br>“Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам”тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.<br>Мақсаты: Оқушыларды интернеттегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырып,жеке ақпаратты қорғаудың маңыздылығын түсіндіріп,интернеттегі күдікті жағдайлардан сақтандыру.Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру.<br>Интернеттің өміріміздe маңызды рөл атқаратынын түсіндіру.Интернеттегі қызықты мүмкіндіктермен қатар,қауіпті жағдайлар да болатынын атап өту.<br>Соңғы кездегі әр түрлі ойындардың компьютердегі баламасы жасалды, ол ойындарды кез келген жерде, кез келген уақытта қол телефонмен-ақ ойнауға болады. Ал осы ойындардың бәрі де ойындардың компьютерлік нұсқалары болғандықтан адамдарды ойын құмарлыққа әкеледі.<br>Сабақ соңында “Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері”тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді.<br>https://www.facebook.com/share/p/1ERiJWLTTT/<br>МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ ӨТКІЗІЛДІ.<br>8-10 сыныптар аралығында мектепішілік президент және мектеп парламентінің мүшелерін сайлау өткізілді. Мектеп парламенті бұл-белсенді оқушылар,мектеп өміріне бей-жай қарамайтын,өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асыратын,өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру шеберліктерін шыңдайды. Мектепішілік президенттікке 8-10 сынып аралығындағы ең белсенді 15 оқушы үміткер болып қатысты. Сайлау әділ және жүйелі өтті.<br>Сайлаудың нәтижесі бойынша 75 дауыс жинаған 8сынып оқушысы Қуантай Димаш мектеп парлментінің президенті болып тағайындалды.<br>Алдағы уақытта ”Өзін-өзі“ басқару ұйымы жоспар бойынша өз жұмысын жүйелі жалғастырады.<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес бастауыш сынып мұғалімі «Республикам-мақтанышым» тақырыбында, сонымен қатар «Отанды сүю - отбасынан басталады!» дәйек сөзін басшылыққа ала отырып бірыңғай сынып сағатын өткізді. Шығармашылық жұмыс барысында “Елім деп соғар жүрегім” тақырыбында сурет салып, “Жаса, Қазақстан!” әнімен жалғасын тапты. Сабақ соңында “Ата-аналармен құпия сөз” тақырыбы бойынша қауіпсіздік сабағы өткізілді. Қазақстан Республикасына деген әрбір азаматтың мақтаныш сезімі мереке кезінде қалай болса да шалқитындай реті бар. Ата - бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай – талай асқарлы асуларды бағындырды. Оқушыларға елін, жерін сүюге, мақтаныш етуге, мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге үйрету мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында патриоттық челленджер түсірілді. 25 қазан - Республика күніне орай "Тәуелсіздік -ел мерейі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.<br>(16) #bilimkzo #267орта_мектеп... - Қызылорда Қаласы Орта Мектеп \| Facebook<br>Сыр өңірінде биылғы жыл «Руханият жылы» деп жарияланды. Осыған орай игі шаралар үрдісі жалғасуда көзі барды емірентіп, жүрегі барды тебірентіп «Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық» атты өнер фистивалі болып өтті. Өнер адамның дүниетанымына, эстетикалық сезімдерінің тұрақтылығына, алдына қойған мақсаттың айқындала түсуіне әсер етеді. Өнерді рухани байлық деп бағалаймыз. Осыған сай өнердің: ән, би, |

| | | |
|---|---|---|
| | | күй, пародия, комедия, аспапта ойнау т.б. түрлерін бүгінгі фестивальде өнерпаз оқушыларымыз түрлі өнерлерін ортаға салды. Өнер фестивалі мектебіміздің өнерлі де, талантты дарын иелерін тауып, елге танытуға және олардың өнеріне жол ашып биікке самғауына, үлкен сахналарға шығуына қол жеткізуге өзіндік үлесін қоса берсін демекпіз!<br>Өнер атты асыл қазынаны дамыту- біздің болашақ жастарымыздың міндеті.<br>БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН жүзеге асыру бойынша қазан айының жұмыс жоспарына сәйкес қазақ әдебиетінің негізін құраушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай мектебіміздің қосымша білім беру педагогі Ж.Өтешованың ұйымдастыруымен танымдық сабақ өткізілді.<br>Мақсаты:көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің өмірімен, шығармаларымен таныстыру;<br>Сәкен Сейфуллин –қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті тұлғаларының бірі, мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері. Ол XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетіне зор үлес қосқан, сондай-ақ Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік қызметтің негізін қалаған адамдардың бірі ретінде есте қалады. Оның шығармалары-ұлттың рухани қазынасы.<br>Сәкен Сейфуллин – Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаған. Оның еңбектері әлемнің көптеген елінде жарық көрген. Артына өшпес әдеби, мәдени мұра қалдырған тұлғаның шығармашылығы халқымен бірге мәңгі жасай бермек.<br>https://www.facebook.com/share/v/19cLD6LVKd/?mibextid=xfxF2i<br>АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ<br>Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы.<br>«Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы. Демек, отбасы – бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар бұлағы, бастауы. Әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы.<br>Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана.<br>І оқу тоқсанының аяқталуына байланысты 9-11 сыныптың кезекті ата-аналар жиналысы өткізілді.<br>Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселелерге тоқтала келіп, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыстары таныстырылды, сынып жетекшілер мамандық таңдау бағытында «Сен жанбасаң лапылдап», «Құмарлыққа бой алдыру –тәуелділік құрдымы», «Атадан-өсиет, анадан -қасиет» және «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» тақырыптарында таныстырылымдар көрсетіп, баяндамалар оқыды.<br>Жиналыс соңында ата-аналар мектеп ұжымына алғыстарын жаудырып, мұғалім, мектеп, ата-ана үштік одағы біріксе, бала тәрбиесі жоғары сатыда болып, еліміздің болашағы балалар білімді де тәрбиелі, алғыр болып өсетініне сенім білдірді.<br>https://www.facebook.com/share/p/1CPYFn3v3J/ |

| | | |
|---|---|---|
| | | 07 қараша күні І.Жансүгіров,Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерейтойына орай «Үш бәйтерек,үш діңгек» тақырыбындағы мектепішілік іс-шара жоспарына орай 7 сыныптар арсында «Шұғаның белгісі» тақырыбында сахналық қойылым өтті.<br>Мақсаты:Кеңес әдебиетінің аса талантты өкілдерінің бірі-Бейімбет Майлин туралы білімдерін кеңейту мақсатында өмір жылдары мен шығармашылығынан мәлімет беру.<br>Қарапайымдылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу ,ақын шығармаларынан үлгі алу,оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.<br>Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу.Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге<br>тәрбиелеу;<br>Сахналық қойылым оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттардың жолын ашуға ықпал етеді. https://www.facebook.com/share/v/1CnrV4Uhtj/?mibextid=xfxF2i<br>"ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТЕҢГЕ КҮНІ" тәрбие сағаты<br>15 қараша ұлттық валюта күніне орай "Ұлттық валюта-теңге күні" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтілді.<br>Мақсаты: Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгенің айналымға кіруі, авторлары жайлы мағұлмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту, еліміздің жеткен жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту.<br>Оқушыларға ақшаның адам өміріндегі маңызы, ақшаның атқаратын қызметі, әр елде әртүрлі аталуы, ұлтық валюта-теңгенің пайда болуы, оның авторлары, ақшаны сақтау орны - банк, шешіп алатын орын - банкомат жайлы толық мәлімет берілді. "Теңгенің шығу тарихы" бейнеролик көрсетіліп, оқушылармен кері байланыс орнатылды. Тақырыпты пысықтау мақсатында "Ақшаны ұсақтау" және "Дүкен" ойындары ойнатылды. Оқушылар тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап берді. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы.<br>Сынып сағатының басында мемлекеттік әнұран орындалды. Қауіпсіздік сабағының тақырыбы: ""Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе? ", "Көшедегі қауіпсіз ойындар" туралы айтылды.<br>ЕСІРТКІСІЗ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!<br>Біздің ғасырымыздың басты дерті — нашақорлық. Осы орайда бүгін №267 орта мектебінде 8-11 сынып оқушылары арасында «Нашақорлық – ғасыр дерті», «Нашақорлық-жастардың болашағын жоятын қару», «Нашақорлық қоғамның жауы» тақырыптарында ақпараттық-танымдық лекция жүргізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар түсіндірме жұмыстары барысында оқушылар өздерінің зиянды әдеттерге көзқарастары жайлы пікірлерімен бөлісті. «Есірткісіз болашақ – ең жарқын болашақ» ұранымен болашағымыз нұрлы болуы үшін зиянды әдеттерден, есірткіден бойымызды аулақ ұстау қажет деген түйінді |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойды меңзейді.<br>(16) #bilimkzo #267орта_мектеп... - Қызылорда Қаласы Орта Мектеп \| Facebook<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында күнделікті атқарылатын шаралардың бірі "Үнемді тұтыну".<br>«Ырыс пен береке» — халқымыздың ежелден келе жатқан ұғымы. Бүгінгі таңда бұл принцип тек экономикалық ресурстармен шектелмей, экологиялық жауапкершілікке де ұласып отыр. Дамыған елдерде жарық, су және энергия ресурстарын үнемдеп пайдалану — жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениеттің белгісі.<br>Су мен жарықты үнемдеу — тек табиғатымызды қорғау емес, сонымен қатар, болашақ ұрпақтарымыз үшін жауапкершілігіміз.<br>Үнемшілдік — әрбіріміздің күнделікті өмірімізде, қоғамымызда және мемлекетімізде даму мен жетістіктің бастауы.<br>(16) #bilimkzo #267орта_мектеп... - Қызылорда Қаласы Орта Мектеп \| Facebook<br>"Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" акциясы жай ғана науқан емес, зорлық - зомбылықсыз қоғам құру жолындағы маңызды қадам. Зорлық - зомбылық мәселесі бізден батыл шешімдерді талап етеді. Біз бірігіп әрекет ету арқылы қауіпсіз қоғам құра аламыз.<br>"Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" дүниежүзілік акциясына орайластырылған іс-шаралар жоспары аясында мектеп оқушыларына оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты психолог сағаты өткізілді.<br>**Күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалау**<br>№267 орта мектебінде қысқы демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігіне арналған онлайн ата -аналар жиналысы өткізілді.<br>Күн тәртібінде  мектеп оқушыларының мереке қарсаңындағы, қысқы каникул күндеріндегі қауіпсіздігі басты назарда.<br>**https://www.facebook.com/share/p/1UGGKM6mJm/**<br>"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында оқушылардың қысқы демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында 5 "а" сыныбында "Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз" тақырыбында кітап оқу сағаты ұйымдастырылды. **https://www.facebook.com/share/v/1HNi7KNGqw/**<br>Қысқы демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту  мақсатындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз» тақырыбында 2 «А» және 3 «А» сынып оқушылары арасында іс –шара өткізілді.<br>**https://www.facebook.com/share/p/19qjUYe8yQ/**<br>"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында оқушылардың қысқы демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында "Мектеп театры" жобасы аясында 7 «А» сынып оқушылары  «Мұражай» тақырыбында сахналық қойылым қойды.**https://www.facebook.com/share/p/1BacMmiuZT/**<br>**Жүзбай Ибрагимұлы Таңрықбаев қонақта.**<br>«Жайсаң жандар» тақырыбында қаламгер Жүзбай Ибрагимұлы Таңрықбаевпен кездесу кеші өтті. Кездесу |

| | | |
|---|---|---|
| | | барысында жазушының әңгімелерінен білім алушылар қойылымдар көрсетті.<br>ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Кәсіпкер келбеті» газеті және «Кәсіпкер және мәдениет» журналының редакторы Жүзбай Ибрагимұлы өзінің «Жолдағы ойлар», «Жайсаң жандар», «Сұлушаш», «Тәуелсіздік тұғырын биіктеткендер» атты өз туындыларын қолтаңбасымен мектептің кітапхана қорына табыстады. https://www.facebook.com/267mectep<br>**Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылып жатқан Өнегелі 15 минут айдары**<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы жұмыстар жалғасын табуда. Қаңтар айы-"Заң және тәртіп" айы<br>**“Өнегелі 15 минут”** айдары негізінде 1 “А” сынып оқушысы Амангелді Айша бірге уақытты тиімді пайдаланды. Тәрбие тал бесіктен демекші Айша анасының қолқанаты." Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер "- деп бекер айтылмаған болар.<br>Осы тәрбиелік бағдарлама отбасы құндылықтарын насихаттап, ата-ананың жауапкершілігін және үлгі болу маңыздылығын көрсетуді мақсат етеді.<br>**ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ**<br>«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында 5-7 сыныптар арасында «ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» тақырыбында ақпарат алаңы өткізілді.<br>Іс-шарада оқушылар қаржылық сауаттылық тақырыбында бейнеролик тамашалап, ақпараттармен танысты.<br>https://www.facebook.com/share/p/15ioUnvsV7/<br>Сапарғали Бегалиннің жыр жолдарын<br>**ПОЭЗИЯ МИНУТЫ**<br>Мектебімізде 7 ақпан күні қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған кітапхана меңгерушісінің ұйымдастыруымен поэзия минуты өткізілді.<br>Поэзия минуты ғасырлар тоғысында Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын оқушы жүрегіне ұялату, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.<br>Поэзия – сөз өнері. Әдебиеттегі көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Білім алушылар үзіліс уақытында Мұқағали Мақатаев туралы ақпараттармен дайындалған ойындарды орындау арқылы танысты.<br>Шарада оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытты.<br>https://www.facebook.com/share/v/1B4iVFaMGC/<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ақылды қария-ағып жатқан дария» дей отыра сынып оқушыларының қатысуымен «Атамның ақылын алайын...» тақырыбында даналық сағаты Аягузов Дінмұхаммедтің, Марат атасымен кездесу ұйымдастырылды.<br>Мақсаты: ұлттық тәрбиені насихаттау, ұмыт болған әдеп - ғұрып, салт - дәстүрлерді дәріптеу. Кездесу барысында Марат атамыз үлкендердің әр сөзіне зер салып, әр сөзінің астарына үңіле қарай білу керектігін, әсіресе үйдегі ата - әжелеріңнің әр сөзін ұғып, кәрі адамдардың ақылын, өсиетін есте сақтау керектігін айтып өтті. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Даналық мектебінің 4 ә сынып оқушылардың әжелерімен "Асыл әжем - ғасыр әжем" атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында "Немеремді табамын, Ерке сылқым, Келіншек, Ертұран күйлері, Мақал - сөздің мәйегі", бата беру рәсімдері өтті. Әжелер немерелерінің өнерлерін көріп, өз баталарын беріп қайтты https://www.facebook.com/share/v/1DfGzzBMZT/<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде құндылықтарды дәріптеуге бағытталған "Даналық мектебі" жобасы аясында 5 "а" сыныбында "Ана- тіршілік бастауы" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.Дөңгелек үстел барысында оқушылар аналарымен сұхбат құрып, қызықты ойын түрлерін ойнап, әсем жыр шумақтарын арнады.<br>https://www.facebook.com/share/v/1AFv1PZnRf/<br>"ШЫН ЖҮРЕКТЕН КІТАП СЫЙЛА" ЧЕЛЛЕНДЖІ<br>«Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу.<br>Бүгін мектебімізде 3 сынып оқушыларына "Шын жүректен досыңа кітап сыйла" акция ұйымдастырылды.<br>Кітап – білім мен даналықтың қайнар көзі, ой - сананы кеңейту мен рухани байытудың таптырмас жолы. Әрбір оқыған кітабыңыз сізге жаңа бастамалар мен ізденістің, өз - өзін жетілдірудің бастауы болсын!<br>https://www.facebook.com/share/p/1BDxuMiAYh/<br>**Діни экстремизм мен терроризм алдын алу**<br>«Діни экстремизм мен терроризм алдын алу» тақырыбында кездесу өтті.<br>Кездесуге 9-10 сынып оқушылары, "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ маманы этнограф Алдашбаев Сәкен, Әли Бейбіт, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қатысты.<br>Жиналыс барысында оқушыларға қазіргі таңда жасөспірімдер арасында діни сауаттылықтың болмауының салдарынан түрлі экстремистік бағыттағы ұйымдарға қосылу, өзге дін өкілдеріне тәуелділіктің жиі орын алуын тілге тиек етті. https://www.facebook.com/share/p/1U5JmePGzR/<br>БІЗ САЛАУАТТЫ ӨМІР<br>САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫЗ<br>Оқушылардың бойларын зиянды әдеттерден аулақ ұстауға дағдыландырып, салауатты өмір салтына шақыру мақсатында "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз" атты флешмоб ұйымдастырылды.<br>Мақсаты: табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы –денсаулықты сақтаудың басты жолдары – зиянды, жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір салтын сақтау екендігін ұғындыру болып табылады.<br>Оқушылар флешмобқа белсенділікпен қатысып, көңіл күйлері көтерілді.<br>**IT battle**<br>"Ғасырдың ғажап үш тірегі"атты математика,физика, информатика апталығы аясында 9- сынып оқушылары арасында информатика пәні мұғалімі Анесова Асел сыныптан тыс іс-шара өткізді.Мақсаты: оқушыларды ойлау, қиялдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және шеберліктерімен тапқырлықтарын бақылау.<br>**Алғыс айту күні**<br>№267 орта мектептің кіші қызметкерлері өздеріне бекітіліп берілген бөлмелер мен дәліздерді жуады. Жиһаздар мен мүліктердің шаңын сүртіп, гүлдерге су құяды. Бұл мектеп кіші қызметкерлердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | жұмыстарының күрделілігін, ауырлығын білім алушылар түсінеді. Алғыс айту күніне орай 3 «А» сынып оқушылары мектеп кіші қызметкерлерге өз ризашылықтарын білдірді.Алғыс айту адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін алғыс білдірушілік сезімі. Осы орайда көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай №267 орта мектебінің бітіруші түлектері және мектеп парламенті мүшелері барша ұстаздарға, ата-аналарға, дәрігерлерге деген ризашылықтарын жеткізді.Бұл атаулы күні білім алушылардың ыстық ықыласынан ұстаздарға деген шексіз құрметтің ерекше лебі сезілді.<br>https://www.facebook.com/share/p/1BAcAvkbxG/<br>АНАНЫҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫ<br>Тіршілікке нәр беріп, жер-дүниеге жан бітіп, керемет көңіл-күй сыйлайтын ерекше мезгіл —көктем. Көктеммен бірге адамзат атаулы үшін қастерлі ұғым, аяулы аналарымыздың мерекесі қатар келеді.<br>Білім алушылар «8 НАУРЫЗ —ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ» мерекесіне орай, аяулы аналарын құттықтап, бейнеролик жолдайды.<br>Мерекелеріңізбен, аяулы аналар!<br>https://www.facebook.com/share/v/1CpAoS7tDK/<br>**«Қайырылымдылық керуені» жәрмеңкесі**<br>03 наурыз күні Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай және "Алғыс айту" күні мектебімізде «Қайырылымдылық керуені» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында мектеп жәрмеңкесі өткізілді. Қайырымдылық — көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен ізгіліктің анық көрінісі болып табылады.<br>Нәтижесінді оқушылар айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынас, адамның асыл қасиеттерінің бірі екенін ұғына білді. Қайырымдылық акциясы аясында осал топтар мен аз қамтылған тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетілді.<br>(3) #bilimkzo #267орта_мектеп... - Қызылорда Қаласы Орта Мектеп \| Facebook<br>**8 - наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай "Ана- мәңгілік жыр"**<br>Шуақты көктемнің мерейлі мейрамы 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай "Ана- мәңгілік жыр" тақырыбында мерекелік іс шара ұйымдастырылды.<br>Өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі асыл аналарымызға әсем әндер, тербетілген билер, толқынысты күйлер арналып, мерекелік атмосфера қалыптасты.<br>Ардақты аналар, құлпырған арулар! Әр күндеріңіз сұлулық пен әсемдікке, қамқорлық пен қуанышқа, шаттық пен жылулыққа толы болсын!<br>10 наурыз күні оқушылар арасында қылмыстың, нашақорлықтың алдын алу, буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында жоғарғы 8-10 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді.<br>Жиналысты Қызылорда облысы Полиция департаментінің бөлім бастығы полиция майоры Алмаханов Бауыржан Пазылханұлы жасады.<br>Буллингтің алдын алу, булингтің адам денсаулығына кері әсерін, зорлық- зомбылық жасаған адамның қандай жазаға тартылатындығын түсіндірді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0sDqHjEK1frjfDAbrT6Ua99Ucyo1CQWCLZQFj1x5MQDAfYQwDGZQZ2GMfctED79Hal&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V<br>НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ<br>«Ұлттың болмысын киімінен танисың» дейді дана халқымыз.<br>Бабалар аманатын арқалаған асыл мұрамыз – ұлттық киімдеріміз ғасырлар қойнауынан жеткен саф өнердің, талғам мен танымның жемісі. Әр оюы мен зерлі шапаны, бүрмелі көйлегі мен сәукелесі – ұлт рухын бейнелеген өрнек, тарихтың үнсіз шежіресі.<br>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid021gxJFGqDRfWAwAqHKJSPXaxFnnXPybQgPio4W1UYVovN3yf1DkCtVjE5aez3AjZcl&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V<br>**#14_наурыз_Көрісу_күні**<br>14 наурыз - Көрісу күніМектебімізде ұлы дәстүріміз – Көрісу күні ерекше көңіл-күймен аталып өтті. Мектебіміздің ұстаздары мен білім алушылары үлкенге сәлем беріп, батасын алды. Дастарханнан қазақтың құрт, ірімшік, ежегей сынды дәстүрлі тағамдарынан мектепке кірген әр қонағын жылы.<br>https://www.facebook.com/share/p/169UZrW2Rq/<br>ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ РУХЫ!<br>Ұлттық киімдер - әр халықтың мәдениеті мен тарихын айқындайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мен өнерінің ерекше көрінісі. Қазақ халқының ұлттық киімдері, олардың сәні мен мақтанышы, ата - бабаларымыздың өмір салтын, дүниетанымын, салт-дәстүрін сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра.<br>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid021gxJFGqDRfWAwAqHKJSPXaxFnnXPybQgPio4W1UYVovN3yf1DkCtVjE5aez3AjZcl&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V<br>**#Шаңырақ_күні**<br>«Наурызнама» жоспарына сәйкес 17 наурыз күні бастауыш сыныптарда «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» тақырыбында наурыз мерекесі тойланды. Бұл мерекеде оқушылар ата-бабамыздың мәдениеті мен ұлттық құндылықтары ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыратын «Бесікке салу» рәсімімен танысты. Бесік саларға шақырылған Жаңыл апамыз бесіктің маңызы мен қасиеттері сәбидің өсіп-жетілуіне, денсаулығына және рухани тәрбиесіне үлкен ықпал ететіндігін айтып өтті.<br>2025 жылғы 19 наурызда №267 орта мектеп жанынан ашылған "Көркемдік-эстетикалық балалар орталығының" домбырашылары Наурыз мерекесі қарсаңындаҚұрманғазының «Балбырауын», «Адай» күйлерін орындады.<br>https://www.facebook.com/share/p/1EeyamStnt/<br>**"Төрлет, әз Наурыз!" мерекелік іс-шара.**<br>Наурызнама жоспарына сәйкес "Төрлет, әз Наурыз!" тақырыбында мерекелік іс шара өткізілді. Наурыз – жаңарудың, ынтымақ пен берекенің бастауы. Бұл күн – табиғаттың оянып, тіршіліктің жаңаратын шағы ғана емес, халықты бірлікке, татулыққа шақыратын ұлы мейрам.<br>Осы көктем мерекесі әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! |

| | | |
|---|---|---|
| | | Наурыз құтты болсын<br>ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ<br>Ұлттық ойындарының республикалық челленджі өтті.<br>https://www.facebook.com/share/p/15zPBZPV1w/<br>«ӨНЕР КҮНІ» құндылықтарды насихаттау<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеологемаларына сәйкес 3 «А» сынып оқушылары «Өнер күні» құндылықтарды насихаттау тақырыбында іс – шара өткізді. Іс – шара барысында Мұхтар Әуезовтың Көксерек әңгімесінің желісімен түсірілген «Көксерек» көркем фильмін тамашалады. Кері байланыс кезінде оқушылар адамдардың қасқырлар мекенін ойрандап, оның күшігін енесінен айырып, ауыл тұтқыны еткендігі табиғаттың өз заңдылығына қарсы шығуы дұрыс емес деп пікір білдірді.<br>Білім алушылар «Көксерек» фильмінің 1974 жылы Әзірбайжан астанасы Бакуде өткен Бүкілодақтық кинофестивальдің бірінші жүлдесіне ие болғандығын біле отырып, Қазақстандағы өнер түрлері қазіргі таңда адамның жан азығы мен рухани байлығы іспеттес екендігін түсінді.<br>“ТАБИҒАТ КҮНІ” ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ<br>Мектеп оқушыларының көктемгі демалыстағы бос уақытын тиімді ұйымдастыру және арнаулы қабілеттерін дамыту мақсатында экологиялық акция ұйымдастырылды. Бұл акцияның мақсаты – табиғатты қорғауға үлес қосып, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру, экологиялық мәдениетті дамыту.Экологиялық акция қатысушылардың сана-сезімін арттырып, Отанға деген сүйіспеншілігін нығайтуға ықпал етті.Экологиялық таза болашақ – баршамыздың ортақ міндетіміз!<br>https://www.facebook.com/share/p/15DnEkkGuk/<br>"ИГІ ІСТЕР КҮНІ<br>Мектеп оқушыларының көктемгі демалыстағы бос уақытын тиімді пайдалану және арнаулы қабілеттерін дамыту мақсатында "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында оқушыларымен игі істер күні болып өтті, гүлдерді баптау және тазалық жұмыстары игі шаралармен жалғасты. "Тазалық- табалдырықтан басталады" демекші оқушыларға қоршаған ортаны таза ұстап, ұқыпты карауға үйрету сынып бөлмесінен басталу керек.Жоба барысында тазалық жұмыстарын жасау міндетін 7 "а"- сынып оқушылары алды.Оқушыларды еңбекке баулу арқылы сыныпты таза ұстауға, мектеп мүлкіне жанашыр болуға тәрбиелеу жұмысы жанданды.<br>https://www.facebook.com/share/p/1F4xNN947q/<br>**#Көктемгі_демалыс**<br>ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕ КӨКТЕМ САМАЛЫ<br>Мектеп оқушыларының көктемгі демалыстағы бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақтасында "Әдебиет әлемінде көктем самалы" республикалық іс-шара аясында білім алушылар демалыстарын кітап оқумен өткізуде!<br>Бұл шараның мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.Бұл іс-шара жас оқырмандардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | дамытуға мүмкіндік береді.<br>ТАНЫМДЫҚ КҮН     мұражайға саяхат<br>Мектебіміздің 9 “А” сынып оқушылары музейге саяхат жасады. Оқушыларымыздың көктемгі демалыс уақытын тиімді өткізуге арналған шара қызықты болды. Мұражайға барған оқушылар алған әсерлерін айтып, ой бөлісті. Мұндай шаралар өскелең жас ұрпақты тарихпен таныстырып, бүгінгі Тәуелсіздіктің қандай жолмен келгенін біліп, оны құрметтеуге үйретеді. Жас саяхатшылар қазақ халқының басынан өткерген саяси қуғын - сүргін тарихынан сусындап, маңызды мәліметтер алды. Бүгінгі егемен елдің жеткіншектері атадан балаға мирас болған тарихи құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай сақтайтынын айтты<br>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>"Еңбекпен шыңдалған кәсіп"<br>Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында "Еңбекпен шыңдалған кәсіп" тақырыбында мамандармен кездесу өткізілді.<br>Мақсаты: оқушыларға мамандықтар туралы мағлұмат беру, мамандық таңдаудың маңыздылығын түсіндіру, әр кәсіптің қоғамдағы рөлі мен маңызын көрсету.Кездесу барысында 9-сынып оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтар қойып, қонақтардың кеңестері мен пікірлері тыңдалды.Бұл олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына көмектесетін маңызды тәжірибе болды.<br>Кездесу қорытындысы бойынша оқушылар қажетті, құнды ақпараттармен танысты.<br>ҚҰСТАР БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ!<br>2025 жылдың 3 сәуір күні Жас Ұлан ұйымы оқушыларының ұйымдастыруымен "Құстар біздің досымыз" ұранымен құстардың қайтып оралуына орай құстарға ұя жасап,ағаштарға іліп шықты. Құстар туралы өздері білетін тың деректермен бөлісті. https://www.facebook.com/share/p/1QAJtkzxB6/<br>**«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім»**<br>«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.Мақсаты: оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.<br>ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ<br>12 сәуір - Ғарышкерлер күніне орай 4"а" сынып оқушылары арасында "Батпырауық ұшыру" шарасы өткізілді.<br>БІЗ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫМЫЗ!<br>Мектебімізде 10 сынып білімалушыларымен ҚПб ЖПҚб ЮПб УПИ-ры полиция лейтенанты А.Қайсариеваның қатысуымен “Біз буллингке қарсымыз”тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту;Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;<br>Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.<br>https://www.facebook.com/share/v/154WzhiJkp/<br>**#Бүгінгі_сэн_кітап_оқу**<br>"Бүгінгі сэн - кітап оқу"отбасылық кітап оқу апталығы аясында 5-7 сынып білім алушыларының қатысуымен |

| | | |
|---|---|---|
| | | мектебімізде «Суретші оқырман» байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларының әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл байқау – оқушылардың әдеби шығармаға деген көзқарасын кеңейтіп, өнер арқылы ойын жеткізуге мүмкіндік берді.<br>ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ<br>5 "А" сыныбында "Жетпеген аманат" тақырыбында "Ұлы жеңістің 80 жылдығына" байланысты сахналық көрінісі ұйымдастырылды.<br>Көрініс барысында соғыс кезіндегі ерте есейген балалар өмірі, орны толмас қайғы, халыққа тигізген зардабы мен қиянаты бейнеленді.<br>Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы осы ерліктің жемісі.<br>**#Жеңіске_жеткен_ерлік**<br>Жеңістің 80 жылдығына орай 24 сәуір күні 9а сыныбында "Жеңіске жеткен ерлік" тақырыбында мектепішілік қойылым өткізілді.Мақсаты: оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту,отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.Жеңіс күні — бұл отан үшін күрескен батырларымызды еске алу және олардың ерліктеріне тағзым ету күні. Жеңістің 80 жылдығы еліміз үшін бейбітшіліктің, халықтар достығының, ерліктің және қайсарлықтың символы болып қала береді.<br>https://www.facebook.com/share/v/16Rp68Rmyy/<br>6"А" сыныбында "Жауынгер хаты" тақырыбында "Ұлы жеңістің 80 жылдығына" байланысты сахналық көрінісі ұйымдастырылды.Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, Отанды сүюге баулу, ерлік жолында аянбай күрескен батырлар мен соғыс ардагерлерін еске алу, оларды қорғау, оқушыларды ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.Іс-шара барысында білім алушылар Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ерлердің батырлығын, соғыс кезіндегі батыр аналардың төзімділігі мен қайсар әрекеттерін көрсете білді. Деректі фильмдерден үзінділер көріп,Ұлы Отан соғысы және оның адамзатқа әкелген зардаптары туралы кеңінен ақпараттар алды. https://www.facebook.com/share/p/1CEZeDSBbi/<br>ҮЗІЛГЕН МОНШАҚ<br>4 "А" сыныбында "Үзілген моншақ" тақырыбында "Ұлы жеңістің 80 жылдығына" байланысты сахналық көрінісі ұйымдастырылды. Қойылымда Мәншүк Мәметова — қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігімен тарихта қалған батыр қызының отбасылық жағдайы көрсетілді.Қайсар қыздың өмірі қазіргі жастарға патриоттық рух пен отансүйгіштікке тәрбиелеуде үлкен үлгі болып табылады. https://www.facebook.com/share/p/1BKPfSyhx7/<br>(3) #bilimkzo #267орта_мектеп... - Қызылорда Қаласы Орта Мектеп \| Facebook<br>ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ<br>4 "Ә" сыныбында "Ты же выжил солдат" тақырыбында "Ұлы жеңістің 80 жылдығына" байланысты сахналық көрінісі ұйымдастырылды.Көрініс барысында соғыс ардагері өзінің жас кезін есіне алып, көз алдына елестетеді.<br>Ұлы Жеңіс - ғасырлар өтсе де ел жадынан өшпейтін, тарих бетінде алтын әріппен жазылған күн.Жеңістің рухы - мәңгілік. Біз осы тарихи күнді атап ету арқылы сол ерліктерді қайта жаңғыртып, жас ұрпақтың |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойына патриоттық рух дарытамыз. https://www.facebook.com/share/v/1ADBBepAG4/<br>ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ<br>7"А" сыныбында Ұлы жеңістің 80 жылдығына байланысты ЖУРАВЛИ әніне сахналық қойылым қойды. Бұл әнде майданда қаза тапқан жауынгерлер *журавлиге (тұрымтайға)* теңеледі.<br>Ұлы Жеңіс - ғасырлар өтсе де ел жадынан өшпейтін, тарих бетінде алтын әріппен жазылған күн.Жеңістің рухы - мәңгілік.<br>https://www.facebook.com/share/v/16ZFXsQ6ra/<br>7«Ә» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен Ұлы жеңістің 80 жылдығына орай «Майданнан баласын күткен ана» тақырыбында сахналық көрініс өткізілді.Мақсаты : Ұлы жеңісті дәріптеу.Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.Білім алушыларды патриоттық тәрбиеге баулу.Ұлы Отан соғысындағы ерлік көрсеткен қазақстандықтардың ерлік істерін қастерлеп,рухын көтеру,үлгі өнеге тұту.<br>Білім алушыларды Отанды қорғауға, батыл да батыр ержүрек болуға үйрету, елін, жерін жаудан қорғай білуге тәрбиелеу.<br>https://www.facebook.com/share/p/16CabeKLed/<br>ЛЕНИНГРАДТЫҚ БАЛАЛАР<br>Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай 5 «Ә» сыныбы «Ленинградтық балалар» тақырыбында сахналық қойылым ұйымдастырды. Бұл қойылым оқушыларды қиын - қыстау замандағы балалар тағдыры жайлы мәліметтер арқылы жанашырлық, мейірімділік қасиеттерін дамытуға, Отанды сүюге, патриоттық сезімге тәрбиелеуге, балалар арасындағы достықты ұғындыруға шақырады.<br>https://www.facebook.com/share/p/1DmNgD2iZK/<br>1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні<br>1 мамыр – еліміздегі ең жарқын, ең маңызды мерекелердің бірі. Осыған орай мектебімізде "Халықтар достығы - тұрақтылық кепілі" тақырыбында мектепішілік ісшара өтті. Бұл күн – бейбіт өмірдің, татулық пен достықтың, ынтымақ пен бірліктің символы.<br>Қазақстан – жүзден астам ұлт пен ұлыстың ортақ үйі. Татулық пен өзара құрмет біздің елдің басты байлығы. Әр халықтың тіліне, салт - дәстүріне деген құрмет – еліміздің бейбітшілік пен тұрақтылыққа жету жолындағы негізгі қағидасы.<br>https://www.facebook.com/share/v/1C37GQkApz/<br>ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН - ҰЛЫ ЖЕҢІС<br>7 мамыр - Отан қорғаушылар күні,<br>9 мамыр - Жеңіс күні мерекелеріне орай мектебімізде «ЖЕҢІС ДЕГЕН ШАТ КҮЛКІСІ БАЛАНЫҢ » тақырыбында патриоттық іс - шара өткізілді.<br>Болашақ ұрпаққа бейбіт күн сыйлаған, есімдері ел есінде мәңгі сақталар, ерліктері аңыз болып айтылып жүрер, ОТАНЫМ, ЕЛІМ, ЖЕРІМ, ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН болсын деп жандарын қиған ата-әжелерімізге МЫҢ ТАҒЗЫМ.<br>Бүгінгі бейбіт күнге жеткізген майдангерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды! |

| | | |
|---|---|---|
| | | https://www.facebook.com/share/v/19tu6mJ93N/<br>ОТБАСЫ - БАҚЫТ МЕКЕНІ<br>Елімізде қыркүйектің екінші жексенбісі Отбасы күні болып белгіленді. "Отбасы-бақыт мекені" апталық аясында 9 а сынып білім алушылары арасында "Мен отбасымды мақтан тұтамын" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.Мақсаты: отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу, адалдық ұғымын кеңінен насихаттау. Оқушылар отбасы туралы өз ойларын ортаға салып, отбасы туралы нақыл сөздер айтты. Шара соңында тілек ағашына өз отбасыларына деген лебіздерін білдірді. https://www.facebook.com/share/p/16GPHrtsE1/<br>**#ОТБАСЫ_БАҚЫТ_МЕКЕНІ**<br>2025 жылдың 15 мамыр Отбасы күніне арналған 2-ші сынып отбасы мүшелерінің қатысуымен «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында эстафеталық сайыс өтті. Сайысқа қатысушылар Асқаровтар отбасы, Димашовтар отбасы, Бауыржановтар отбасы топтарына бөлінді. Эстафеталық сайыста әр отбасы түрлі физикалық тапсырмалар мысалы, кедергілерден өту, допты лақтыру, секірту,арқан тарту, шеңбермен түрлі ойын түрлері ұйымдастырылды.Оқушылармен ата-аналар арасында денсаулықты сақтау мен спортқа қызығушылықты арттыруға бағытталған бұл сайыс өте қызықты болды.Сайыс барысында қатысушыларды әділқазылар алқасы әділ бағалады.<br>https://www.facebook.com/share/p/16Eneyr3mK/<br>Отбасы_тіршіліктің_тірегі — адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Ол - тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейірімділік пен адамгершіліктің ордасы. Отбасы - мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасадыОтбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға, үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу - біздің борышымыз. Отбасы күніне орай 6 «А» сынып оқушылары «Отбасы – отанымыздың ошағы» тақырыбында отбасына деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббатын эссе жазу арқылы жеткізе білді. https://www.facebook.com/share/p/1AfRZwxQBs/<br>Терезеден құлап кетудің алдын-алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді.1-11 сынып оқушылардың ата-аналар ына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.<br>**#БІРТҰТАС_ТӘРБИЕ**<br>Зорлық-зомбылық пен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 сынып қыздарына Қызылорда ҚПБ ЖПҚб отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы бөлімшесінің инспекторы полиция капитаны Асанбаева Айгул Жетесқызы мен Қызылорда облыстық жастар денсаулық орталығының психолог маманы Суһрапқызы Тру Аидамен жиын өткізді. Халқымыздың қыз бала тәрбиесіне қатты көңіл бөлетінін түсіндіре отырып қыз балаларды инабаттылыққа, имандылыққа, кішіпейілділікке, тәртіптілікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген жұмыс. Еліміздің ертеңі осы асыл аналарымыз бен қарындастарымыздың қолында екенін мамандар түсіндіріп айтты.<br>Есірткі сентетикке жол жоқ!<br>Мектебімізде «Есірткі сентетикке жол жоқ! » тақырыбында құқық қорғау қызметкерлерімен кезекті ақпараттық түсіндіру жұмысы өткізілді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мақсаты: жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықтың, есірткі қолданудың, суға түсу кезіндегі қайғылы оқиғалардың, интернет-алаяқтық пен ұрлықтың алдын алу.<br>Көтерілген маңызды тақырыптар:<br>Жазғы демалыста қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері.<br>Су айдындарында сақ болу.<br>Есірткі мен зиянды әрекеттердің алдын алу<br>Интернет-алаяқтық пен ұрлықтан сақтану<br>Ата-ананың бақылауы мен қоғамның тәрбиедегі рөлі<br>Құқық қорғау мамандары нақты мысалдар келтіре отырып, оқушыларға жазғы мезгілде сақтық шараларын ұстану, заң бұзушылықтарға жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.<br>https://www.facebook.com/share/p/1C5MadETnX/<br>МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!<br>Мектебізде өткізілген «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын – мектеп бітіруші түлектерге арналған, білім ошағымен қоштасудың символына айналған маңызды әрі толғанысты іс-шара. Бұл кеш – оқушылардың 11 жыл бойы бойларына сіңірген білім мен тәрбиені, мектеп қабырғасындағы жарқын сәттерді еске алып, жаңа өмір белесіне қадам басар тұстағы ерекше сәт.<br>Балалық шақтың аяқталып, болашаққа бастар үлкен өмір жолының бастауы бола білген бұл жиын- ұстаз еңбегіне тағзым, өткенге құрмет, келешекке үміт сыйлайтын рухани тағылымы терең, тәрбиелік маңызы зор шара.<br>https://www.facebook.com/share/v/16VAPfUnnk/<br>1.Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша орындалу көрсеткіші.Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі тәрбие жұмыстарының бағыттары<br>Тәрбие беру бағыттарының атауы мен реті<br>Орындалу көрсеткіші %<br>1) Тәуелсіздік және отаншылдық -100 %<br>2) әділдік және жауапкершілік - 100 %<br>3)бірлік және ынтымақ - 100 %<br>4) заң және тәртіп – 100%<br>5) жасампаздық және жаңашылдық – 100%<br>6) Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік -100 %<br>7)Каникул уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған іс – шаралар 82%<br>2024-2025 оқу жылдарындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп.<br>Тәрбие бағыттары бойынша жүргізілген құндылықтарға бағытталған жобалардың үлесі жайлы мәлімет: , 2024-2025 оқу жылы-67 % .<br>Тәрбие сағаттары сапасының орта көрсеткіші (5 балдық бағалау): |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2024-2025 оқу жылы - 4,8 %.<br>Мектепте жүзеге асырылып жатқан тәрбие жобалары<br>«Ұшқыр ой» дебат жобасы<br>«Мектеп театры» жобасы<br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы<br>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару орталығы<br>«Ұшқыр ой» дебат жобасы<br>«Даналық мектебі» обасы<br>«Қамқор» жобасы<br>«Еңбегі адал жас өрен»<br>Мектеп оқушыларының үйірме, секцияларға тартылу көрсеткіші (%-бен,)<br>Оқу жылдары Мектепішілік үйірмелер Мектептен тыс үйірмелер<br>2024-2025 оқу жылы 325-87% 45-13%<br>**2024-2025 оқу жылында жүргізілген психологиялық қызмет**<br>**-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығындасабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**<br>**ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:**<br>Психологиялық қызметтің 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес диагностикалық бағыт, ағартушылық бағыт, түзету- дамытушылық бағыт, кеңес беру бағыты, әлеуметтік - диспетчерлік бағыт бойынша жұмыстар жүргізілді.<br>Психологиялық қызметтің 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып қыркүйек айы оқушылардың психологиялық- әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Жаңа оқу жылында мектеп қабырғасына жаңа қабылданған оқушылардың ойлау, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп алды даярлық және 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын жақсарту үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушыларының ата – аналарынан жыл бойында жүргізілетін психологиялық диагностика мен коррекция жұмыстарына келісімі алынды.<br>1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында психодиагностикалық жұмыс бағыты бойынша жоспарлы «Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау» (В. И. Чирков, О. Л. Соколова, О. В. Сорокина) әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылып, қорытынды жасалынды. Тестке барлығы 29 оқушы қатысты. Соның ішінде жоғары қалыпты бейімделуді көрсеткен - 25 оқушы, орташа бейімделуді -2 оқушы, дезадаптацияны көрсеткен - 2 оқушы. Бейімделуі төмен оқушыларға ерекше зейін аударып, оларды оқуға деген жағымды қатынас орнатуға бағытталған жұмыстар сынып жетекшілерімен бірге атқарылды.<br>Оқушыларды орта буынға бейімдеу - қиын да күрделі іс. Бұл кезең – оқушылар үшін де, ата-аналары үшін де, оларды 4 жыл бойы оқытып, аялап келген ұстаздары үшін де, оларды енді қанатының астына алғалы |

| | | |
|---|---|---|
| | | отырған мұғалімдері үшін де – ең бір жауапты кезең.<br>Қыркүйек айында<br>5-сынып оқушыларының арасында Л.Г.Федоренконың «Сыныптағы психологиялық климаттың жағдайын қалай анықтауға болады» деп аталатын сауалнамасы орта буынға бейімделудегі психологиялық жайлылықты зерттеу мақсатында алынды. Барлығы 32 оқушы қатысты.<br>Нәтижесі төмендегідей:<br>6-12 балл-оқушы сыныптағы психологиялық ахуалды жоғары бағалайды. Оған бірге оқитын адамдар ұнайды - 25<br>13-18 ұпай-мектеп оқушысы сыныптың психологиялық климатына немқұрайлы қарайды, оның қарым-қатынасы ол үшін маңызды болатын басқа тобы бар шығар - 5<br>19-30 балл-оқушы сыныптағы психологиялық климатты өте нашар деп бағалайды – 2.<br>Психодиагностикалық зерттеуден кейін, психологтардың ұйымдастыруымен 5 – сынып оқушыларына «Көңілді қоңырау» шарасы 1 апта бойы жалғасын тапты<br>2024 жылдың қазан айында 7-11 сынып оқушыларынан депрессияның клиникалық белгілерін сипаттайтын мәлімдемелер бар: депрессиялық көңіл-күй, әлемге пессимистік көзқарас, сәтсіздік сезімі белгілері, қанағаттанбаушылық, кінә, содан кейін жаза, әлеуметтік байланыстар суицидтік ойларға бейімділікті зерттеу мақсатында М.Ковач әдістемесі алынды. Жалпы сауалнамаға – 199 жасөспірім қатысты.<br>Психологиялық қолдау тобындағы жасөспірімдермен профилактикалық бағытта қараша айында 6 – 9 сынып оқушыларымен «Буллинг - қалыпты жағдай емес» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренингтің басты мақсаты – жасөспірімдерді буллинг ұғымымен таныстырып, оның алдын алу және тану.<br>Салааралық байланысты нығайту мақсатында №6 емхана психологтары мен құқық қорғау мамандарының қатысуымен 10 – 11 сынып оқушыларымен оқушылардың сұрақтарына жауап беру арқылы еркін форматта кездесу ұйымдастырылды.<br>5 – 6 сынып оқушылыраның арасында қараша айында НСВ-10 тесті алынды.<br>"Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" акциясы жай ғана науқан емес, зорлық - зомбылықсыз қоғам құру жолындағы маңызды қадам. Зорлық - зомбылық мәселесі бізден батыл шешімдерді талап етеді. Біз бірігіп әрекет ету арқылы қауіпсіз қоғам құра аламыз. "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" дүниежүзілік акциясына орайластырылған іс-шаралар жоспары аясында мектеп оқушыларына оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты психолог сағаты өткізілді.“Буллингсіз өмір” жобасына аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балаларға «Буллинг, кибербуллинг» туралы мәлімет берілді.Буллинге ұшырап жатса не болмаса білетін болса оған дереу түрде қандай көмек көрсету керек екендігін айтылып, және кімдерге көмекке жүгіну керектігін түсіндіріп өтті.<br>Үйден оқыталатын оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.1-6 сынып оқушылар арасында диагностикалық жұмыстар жүргізілді.<br>2025 жылдың 14 қантар күні "Заң мен тәртіп" қағидатын ілгерілету және құқық бұзушылық және қылмыс, адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау мақсатында 8-11-сынып оқушылары мен мектеп |

| | | |
|---|---|---|
